

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ

Табиғат – адам баласының тіршілік тынысы әрі таусылмас қазынасы. Жер астынан алынатын қазба байлықтарын айтпағанда, күнделікті ішіп жүрген мөлдір суымыз, жеп жүрген нанымыз бен асымыздың өзі Табиғат-ананың бізге берген сыйы.

Соңғы жылдары жер шарында барлық табиғат қорлары бұрын-сонды болмаған антропогендік өзгерістерге ұшырап отыр. Көш басын әлемдік климаттағы өзгерістер бастап тұр. Күн мен жел энергиясы сарқылмайтын қор болғанымен, өнеркәсіптің қарқындап дамуына байланысты ауаға зиянды газдар, шаңдар көтеріп,

адамдардың денсаулығына қауіп төндіріп жатыр. Бұл апатты құбылыстар өнеркәсібі шоғырланған ірі қалаларда өріс алып отыр. Ауа кеңістігінің ластануы дүниежүзілік мұхиттар мен теңіздерге де өз ықпалын тигізуде. Өркениетті елдер сияқты біздің республикамызда да табиғат қорғауға көп көңіл бөлініп отыр. 1997 жылы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заң қабылданды.

Табиғатты қорғаудың негізгі бағыттарын білу әр азаматтың міндеті болып саналады. Олардың негізгілерін қарастарсақ:

- Жекеленген өндіріс орындары мен өнеркәсіптерді, агроэкологиялық кешендерді игеруде қазіргі заманғы ғылым мен техника жаңалықтарын пайдалану. Өндіріске аз қалдықты немесе

қалдықсыз технологияны енгізу;
- Экологиялық заңдардың орындалуын үнемі қадағалау;

- Ірі құрылыстарды, өнеркәсіп кешендерін т.б. объекті салуда экологиялық сараптама жасау;

- Қала, ауыл, тағы басқа елді мекендерде ауаны тазарту, көлеңкелеу үшін ағаш, бұта, гүл, көгал өсіру. Көгалдандыру жұмыстары мекенжайларға әсем көрініс береді, шудан, күннен, шаңнан қорғайды, санитарлық-гигиеналық рөл атқарады.

Қорытындылай келе, табиғат адамға емес, адамзат табиғаттың көмегіне мұқтаж дегіміз келеді. Біз қоршаған ортаны ластап, зиян келтіретін болсақ, өзімізге, ұрпақтың жер бетінде емін-еркін өмір сүруіне кедергі жасаймыз. Атмосфера ластанып, өзен-көлдер тартылып, суымыз сарқылса – денсаулығымыздан айырыламыз. Денсаулық – ең бақты байлық. Жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру – әр азаматтың міндеті мен борышы.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ
ФИ-22-11к2
тобының студенттері**